

ӨШПЕС ӨМІР ЖАЛҒАСЫ

Менің әкем, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов 1899 жылы желтоқсанның 19-ы күні Ақтөбе губерниясы, Темір уезі (қазіргі Мұғалжар ауданы) 9-шы ауыл Ақжар деген жерде дүниеге келген. Бастапқы білімін әкесі Қуан ашқан ауыл мектебінен алып, әрі қарай сол маңдағы Оспан ишанның мешітінде 3-4 жыл оқиды. Кейін Жұрын қаласының мектебінде бірден 4-сыныбына түсіп, оны үздік аяқтайды. 1914-1916 жылдары Орынбор қаласындағы «Хұсайния» медресесінде оқуын жалғастырады. Ал 1917-1918 оқу жылында Күйік қаласындағы (Елек) орыс училищесінің соңғы курсына қабылданып, орта білімін сонда аяқтайды. Ленинградтың Шығыс тілдері институтын (экстерн ретінде) бітіріп жоғары білімге ие болады.

Әкеміз анкетаға жауабында өзі көрсетуі бойынша, мына тілдерді білген: неміс, араб, парсы, түрік, монғол, чуваш, коми, грузин, қазақ, орыс және түркі тілдері.

1919 жылдың күзінде менің атам Қуан 47 жасында сүзектен дүние салады. Көктем айында оның інісі Тәпен де қайтыс болады. Енді екі үйлі жанды асырау, үлкендеріне тірек, кішілеріне қамқоршы болу 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Сөйтіп, әкеміз қызмет істеуге кіріседі. Бала оқытудан бастайды. Ол кезде қазақ даласында жаңа кеңес дәуірі енді-енді ене бастаған шақ болатын. Әкеміз жас маман бола тұра ауылда ағартушылық жұмыспен қатар, жаңа тұрмыс, жаңа құрылыс орнатуға белсене кірісті. Жұрындағы қызыл штаб мүшесі болып, өз ауылы Темірорқашқа кеңес тәртібін орнатуға көмектесті.

Аудандық оқу бөлімінде инспектор қызметін атқара жүріп ол күнделікті өмірге ісімен де, сөзімен де араласады. 1920-1922 жж. Ақтөбе қаласында шығатын уездік «Кедей» газеті редакциясына жиі келіп, сол газетте көтерілген кейбір келелі мәселелерге сүйеніп, мақтау айтып, өзі де түрлі тақырыптарға мақалалар жазып тұрады. Әсіресе оқу-тәрбие жұмыстары жайлы көбірек жазады. Сонымен бірге әкеміз сол кездегі көкейкесті мәселелерге, қазақ кедейлерінің тұрмысына, ауылдағы ескі ғұрыптарға, әйел теңдігіне арналған түрлі әңгіме, өлең, пьеса, сықақтар жазып тұрыпты.

Ақтөбе қаласында екі қызметті қатарынан атқарып, бір жағынан, губерниялық оқу білімінің әдістемелік инспекторы, екінші жағынан педтехникумның мұғалімі болып жүрген.

Қажырлы әрі тәжірибелі әдіскер-педагог Жұбановты 1928 жылы көктемде Республиканың ағарту халық комиссариаты (осы күнгі Білім министрлігі) сол кездегі астана Қызылордаға қызметке шақыртады. Бірақ ол мұнда ұзақ уақыт істемейді.

1929 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Ағарту Халық Комиссариатының коллегиясы «Жұбанов жолдасты ғылыми жұмысқа